

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік
практиканы өткізуге арналған шарт

№ 29

Өскемен қ.

« 10 » 09 20 24 ж.

Шығыс Қазақстан Облысы әкімдігінің білім басқармасы «Абай атындағы Шығыс
(білім беру ұйымының атауы)

Қазақстан гуманитарлық колледжі» ҚМҚК, бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын,
директор Ф. Курмановтың атынан, 27 шілде 2007 жылдың, № 319-ШЗРК Қазақстан
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Республикасының «Білім туралы» Заңының негізінде және Білім беру ұйымының Жарғысы
(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

№ 990340005570 21.01.2019 ж. негізінде әрекет етуші бір жағынан, БСН 101140016032
СТН 181600274425 ЖСК KZ 7094809 KZT22031052
(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

негізінде әрекет етуші, директор Д. О. Раимбаеваның атынан,
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

бұдан әрі «кәсіпорын (ұйым)» деп аталатын Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы ҚМҚК деп
(кәсіпорынның атауы)

аталатын екінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес
төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. Шарттың мәні

1. Білім беру ұйымы 2025 жылы 0112 Мектепке дейінгі мекемелер үшін педагог кадрларын даярлау; 3W0110101 Оқытушы ассистенті біліктілігі білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды жүзеге асырады.
2. Кәсіпорын (ұйым) білім алушыларды білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес базасымен қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Білім беру ұйымы:
 - 1) осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушылардан адал және тиісті міндеттерді орындауын талап етуге құқылы.
 4. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:
 - 1) күндізгі оқу нысаны бойынша мамандығы 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы, 4S01120102 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша оқитын білім алушыларын оқу үдерісінің кестесіне сәйкес кәсіптік практикадан өту үшін кәсіпорынға жібереді;
 - 2) осы Шартта көрсетілген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;
 - 3) кәсіптік практиканың бағдарламасын және кәсіптік практикадан өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;
 - 4) кәсіпорынға (ұйымға) кәсіптік практиканың басталуынан екі апта бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;
 - 5) білім беру ұйымының тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекіту;
 - 6) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

- 7) білім беру бағдарламасы мен оқу процесінің тізбесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру және мерзімді бақылауды жүзеге асыру;
- 8) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
- 9) қажеттілігіне қарай кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;
- 10) егер олар практикадан өту барысында білім алушының қатысуымен жазатайым оқиғалар болған жағдайда оларды тергеуге қатысу;
- 11) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі токтатылған жағдайда кәсіпорынды (ұйымды) хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.

5. Кәсіпорын:

- 1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;
- 2) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;
- 3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;
- 4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға;
- 5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап етуге құқылы.

6. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

- 1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының қауіпсіз еңбекті әдістеріне оқытуды жүргізу;
- 2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде алған мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 3) білім беру ұйымына оқу процесінің кестесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтар бойынша кәсіби практикаға жолдамаға сай білім алушыны қабылдау;
- 5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;
- 6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуді қамтамасыз ету;
- 7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша, өндірістік оқыту немесе кәсіптік практика бағдарламалары бойынша үлгірмеуі, сонымен қатар физикалық және психологиялық жағдайдың сәйкес келмеуі барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
- 8) білім алушының кәсіби практиканың бағдарламасын толық игеруі және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарында қажетті жағдай жасау;
- 9) кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және кәсіби практикадан өту сапасын бағалау.

3. Тараптардың жауапкершілігі



7. Тараптар осы Келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

4. Дауларды шешудің тәртібі

8. Осы Келісімді орындау үдерісінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.
9. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. Келісімнің әрекет ету мерзімі, талаптарды өзгерту және оны бұзу тәртібі

10. Осы Келісім тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.
11. Осы Келісімнің ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып, өзгертілуі мүмкін.
12. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.
13. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

<u>КМҚК «Шығыс-Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі»</u> <i>(Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа атауы)</i>	<u>Кәсіпорын (ұйым): Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы КМҚК</u> <i>(Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа атауы)</i>
<u>Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Қ. Бітібаева көшесі, 1</u> <i>(заңды мекен-жайы)</i>	<u>ШҚО, Өскемен қаласы, Байбатчина к. 7</u> <i>(заңды мекен-жайы)</i>
<u>СТН 181800000756</u>	<u>БСН 101140016032</u>
<u>ЖСК KZ37 8560 0000 0048 0253</u>	<u>СТН 181600274425</u>
<u>БСК КСJBKZKX, КБЕ</u>	<u>ЖСК KZ7094809KZT22031052</u> <i>(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)</i>
<u>16</u>	
<u>БСН 990340005570</u> <i>(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)</i>	<u>balapan4ik_asfira@mail.ru</u> <i>(байланыс телефоны, факс нөмірі)</i>
<u>«Банк ЦентрКредит» АҚ</u>	
<u>тел/факс: 8 (7232) 54 01 15</u>	
<u>e-mail: kkk@mail.ru</u> <i>(байланыс телефоны, факс нөмірі)</i>	
<u>Директор  Ф. Курманов</u>	<u>Директор  Д. О. Раимбаева</u>